

Бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшының көрсеткен қызметіне ақы төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 мамырдағы N 444 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына сәйкес, сондай-ақ "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшының көрсеткен қызметіне ақы төлеу ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшының көрсеткен қызметіне уақтылы ақы төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 жылғы

1 3

м а м ы р д а ғ ы

N 4 4 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшының көрсеткен қызметіне ақы төлеу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшының көрсеткен қызметіне ақы төлеу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі - Заң), "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына және "Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 782 қаулысына сәйкес әзірленді және бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшыға (бұдан әрі - тәуелсіз сарапшы) ақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Сарапшымен есеп айырысуды жүзеге асыруға арналған құжаттарды дайындау және ұсыну

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 16 шілдедегі N 782 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ережесіне сәйкес кеден органы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша бюджетке есептелген кеден төлемдері мен салықтардың іс жүзінде түсуінің есебін жүргізеді.

3. Тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтар үшін тәуелсіз сарапшының көрсеткен қызметтеріне ақы төлеу мақсатында аумақтық кеден органдары мен тәуелсіз сарапшының өкілдері агенттік белгілеген нысан бойынша тәуелсіз сарапшының ұсынымдары бойынша мөрмен расталатын және басшылардың қолдарымен бекітілетін үш данадағы бюджетке қосымша есептелген кеден төлемдері мен салықтардың іс-жүзіндегі түсуін салыстыру актісін (бұдан әрі - салыстыру актісі) ресімдейді. Бірінші дана аумақтық кеден органында қалады, екіншісі - тәуелсіз сарапшының өкіліне, үшіншісі - Агенттікке беріледі.

4. Салыстыру актілерін ресімдеу ай сайын жүргізіледі және есептіден кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей ұсынылады.

5. Тәуелсіз сарапшының деректері мен қосымша есептелген кеден төлемдері мен салықтарының республикалық бюджетке түскен деректерінің арасында қосымша есептелген кеден төлемдері мен салықтардың сомалары бойынша алшақтықтар болған кезде, кейіннен шешім қабылдау үшін Агенттігіне жіберілетін еркін нысандағы келіспеушіліктер хаттамасы жасалады.

6. Агенттік ұсынылған салыстыру актілерінің негізінде бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтардың сомаларын жинақтауды және қорытуды жүзеге асырады. Тәуелсіз сарапшы, сондай-ақ өздерінің өкілдері берген деректердің негізінде қосымша есептелген кеден төлемдері мен салықтардың сомаларын жинақтауды және қорытуды жүргізеді. Агенттік және тәуелсіз сарапшы ұсынылған салыстыру актілері бойынша келісу жүргізеді және Агенттік белгілеген нысан бойынша мөрмен расталатын және басшылардың қолдарымен бекітілетін тәуелсіз сарапшыға сыйақының іс жүзіндегі сомасының жиынтық актісін (бұдан әрі - жиынтық актісі) үш данада ресімдейді. Бірінші дана Агенттікте қалады, екіншісі - тәуелсіз сарапшыға, үшіншісі - аумақтық Қазынашылық органына беріледі.

3. Есеп жүргізу тәртібі

7. Сыйақы төлеу жиынтық актінің және заңнамада белгіленген тәртіппен Агенттік пен тәуелсіз сарапшының арасында жасалған шарттың негізінде 2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізуден республикалық бюджетке қосымша түскен кеден төлемдері мен салықтардың 30% (отыз пайызы) мөлшерінде жүргізіледі.

8. Қазынашылық органдары арқылы есептер жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.